



Құрметті студент!

2018 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050300	«Психология»	1. Жалпы психология 2. Тұлғаның дифференциалды психологиясы 3. Медициналық психология 4. Психологиялық кеңес берудің негіздері

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Жалпы психология
 2. Тұлғаның дифференциалды психологиясы
 3. Медициналық психология
 4. Психологиялық кеңес берудің негіздері
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Жалпы психология

1. Түйсік дегеніміз:

- A) Сезім мүшелері арқылы жүзеге асады;
- B) Заттардың жеке қасиеттерін бейнелейтін процесс;
- C) Өңдеуші анализатор;
- D) Диффузиялық күй;
- E) Адамда болатын эмоциялардың бірі.
- F) Сыртқы энергияны жүйке процесіне қосушы перифериялық бөлік;

2. Түйсік:

- A) Шындықтағы заттар мен құбылыстарды олардың жалпы және маңызды белгілері бойынша ойша біріктіру
- B) Объективті шындықты сезімдік бейнелеу
- C) Белгілі бір ақпаратқа саналы шоғырлану, назар аудару
- D) Адамның өз әрекеттерін саналы, мақсатты реттеу қабілеті
- E) Белгілі немесе белгісіз заңдылықтар арасында жақын не қашық ұқсастықтарды табу

3. Интерорецептордың көріну формаларына жататындар:

- A) Иіс сезу
- B) Сіңір
- C) Шөлдеу
- D) Ашығу
- E) Тою

4. Қабылдау дегеніміз:

- A) Қоршаған орта мен өз тәніміз жөніндегі біліктердің негізгі көзі
- B) Сыртқы әсерлерге тәуелсіз санамыздың ішкі қалпы
- C) Заттық кейіпке келмеген әсерлерден туындайтын жеке сезімдік қасиеттердің бейнелеуі
- D) Объективті шындықтың жалпы бейнеленуі
- E) Қоршаған дүниені заттай тану
- F) Заттар мен құбылыстардың санада тұтас түрде бейнелеуін қамтамасыз етуші психикалық процесс

5. Қашықтық пен заттар көлемін қабылдау қасиеттері:

- A) Өндірістік
- B) Естік
- C) Құрылымдық
- D) Дивергенция
- E) Аккомодация
- F) Сенсублизация

6. Кеңістікті қабылдау:

- A) Заттардың формасын қабылдау
- B) Түсін қабылдау
- C) Сөйлеуді немесе музыканы қабылдау
- D) Көлемін қабылдау
- E) Сапасын қабылдау
- F) Әлеуметтік перцепция
- G) Қасиетін қабылдау

7. Зейін қасиеттері:

- A) Аумақтылығы
- B) Шоғырлануы
- C) Аккомодация
- D) Апперцепция
- E) Ұзақтығы

8. Н.Н.Ланге бойынша зейін тұжырымдамасы:

- A) Зейін қабылдау нәтижесі ретінде
- B) Зейін сана шектеулігінің нәтижесі ретінде
- C) Зейін аффект нәтижесі ретінде
- D) Зейін ерік нәтижесі ретінде
- E) Зейін эмоция нәтижесі ретінде
- F) Зейін контраст нәтижесі ретінде

9. Зейінді зерттеген ғалымдар:

- A) Дж.Бюдженталь
- B) З.Фрейд
- C) К.Хорни
- D) Ф.Ницше
- E) Т.Рибо
- F) Н.Н.Ланге
- G) Д.Н.Узнадзе

10. Елес дегеніміз:

- A) Бұл тұлғаның шындықты жалпылама және жанама бейнеленуі
- B) Галлюцинациялар және иллюзиялар
- C) Біріктіру қызметін керек ететін құрылымды психикалық әрекет
- D) Қабылдау объектісіне түскен құбылысты немесе онда жүріп жатқан өзгерістерді назарда ұстау
- E) Ойлар мен бейнелер жасайтын психикалық процесстер
- F) Уақытша жүйке байланыстарын жандандыруға кедергі етуші тежелу әрекеттері
- G) Әрқилы қимыл-қозғалыстар мен олардың бірлікті жүйесін есте сақтау

11. Сөйлеудің негізгі функциялары:

- A) Ойлау
- B) Кешірім сұрау
- C) Афазия
- D) Әсер ету
- E) Хабарлау
- F) Білдіру

12. Ес үрдістері:

- A) Аудару
- B) Бейнелеу
- C) Жалпылау
- D) Бөліну
- E) Ұмыту
- F) Тану
- G) Байланыстыру

13. Ассоциативті психологияда барлық психикалық құбылыстарға ассоциация принципін таратқан ғалымдар:

- A) Б. Спиноза
- B) У. Джемс
- C) У. Оккам
- D) Д. Юм
- E) Р. Декарт
- F) Г. Спенсер

14. Есте сақтау тәсілдері:

- A) Мағыналық сөзбе сөз қайталау
- B) Механикалық сөзбе сөз қайталау
- C) Логикалық қайталап айту
- D) Сөздерді жаттау тәсілі
- E) Сөздерді бейнелеу тәсілі
- F) Тікелей есте сақтау
- G) Жанамалық есте сақтау

15. Уақытша үстемдік етумен психикалық процеске бағыт-бағдар беретін қозу ошағын танытушы түсінік:

- A) дедукция
- B) аккомодация
- C) индукция
- D) доминанта
- E) мида үстемді қозу ошағы

16. П. П. Блонский ұсынған ес түрлері:

- A) Эйдетикалық
- B) ИмPLICITITTI
- C) Бейнелік
- D) Қозғалыстық
- E) Эмоциялық

17. Ойлаудың дұрыс анықтамаларын тап:

- A) Ойлау - ойлау іс-әрекеті барысында өмірде бар білімдерді пайдалану
- B) Ойлау – ми қыртысының күрделі формадағы анализдік-синтездік қызметінің нәтижесі.
- C) Ойлау – объективті дүниенің субъективті бейнеленуі
- D) Ойлаудегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі
- E) Ойлау – ой формаларының табиғатын зерттейді

18. Ес процестері:

- A) Тану
- B) Уайымдау
- C) Есте сақтау
- D) Ауысуы
- E) Сақтау
- F) Нақтылау

19. Ойлау теориялары:

- A) Психологиялық
- B) Физиологиялық
- C) Биохимиялық
- D) Гноселогиялық
- E) Үйреншікті

20. Ойлаудың анықтамасы:

- A) Сөйлеу процесімен тығыз байланысты
- B) Сыртқы дүние заттарының миымызда шоғырлануы
- C) Психиканың тек адамға ғана тән сатысы
- D) Белгілі мақсатты орындауға бағытталған, оңашаланған қимыл
- E) Сөздер мен сөйлеудегі айтылған атаулардың мағынасын білдіретін термин
- F) Мақсатсыз бағытталған, оңашаланған қимыл

21. Ойлау формалары:

- A) Ой қорытынды
- B) Ұғым
- C) Абстракциялау
- D) Жалпылау
- E) Сөйлеу
- F) Салыстыру

22. Мәтін мен оның бірліктерін оқырманның танымдық қызметіне енгізу тұрғысынан зерделеуден туындайтын жаңа көзқарастар жиынтығы:

- A) Психоллингвистика
- B) Зоопсихология
- C) Прагматика
- D) Әлеуметтену
- E) Герменевтика

23. Сөздік қормен байланысты психикалық қасиеттер:

- A) Сөздік қор және есте сақтау
- B) Продуктивті және репродуктивті ойлау
- C) Сөздік қор және түйсік
- D) Сөздік қор және қиял
- E) Сөздік қор және ұғым
- F) Сөздік қор және сөйлеу
- G) Сөздік қор және ойлау

24. Оқушының сөздік қорын анықтау түрлі жолдармен жүргізіледі. Оларға төмендегідей аталған түрлер жатады:

- A) Оқушының күнделекті жиі пайдаланатын заттарды көрсету арқылы оны атау
- B) Оқи алу біліктерін түсініктерін байқау
- C) Жылдың төрт мезгілдерінің атаулары
- D) Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру
- E) Үй жануарлары, жабайы жануарлар, құстар, өсімдіктер т.б
- F) Әңгімелесу, әңгіме құрату - өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата – анасы оқу құралдары т.б
- G) Түрлі дидактикалық ойындар арқылы диафильм, кинофильм көрсету арқылы оқушылардың сөздік қорын анықтауға мүмкіншіліктері бар

25. Түсініспеушілік барьерлерінің түрлерінің аталуы:

- A) Стилистикалық
- B) Жалпылама
- C) Анатомиялық
- D) Семантикалық
- E) Морфологиялық
- F) Физиологиялық
- G) Фонетикалық

**Жалпы психология
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тұлғаның дифференциалды психологиясы

1. Биологиялық дамуда адамды сипаттайтын факторлар:

- A) Жынысы
- B) Азаматтығы
- C) Білімі
- D) Географиялық орны
- E) Отбасы
- F) Беделі

2. И. П. Павлов бойынша жүйке жүйесінің қасиеті:

- A) мақсаттылық
- B) бейнелік
- C) қозғалғыштығы
- D) даралық
- E) тепе-теңдігі
- F) күші

3. И.П. Павлов бойынша жүйке қызметі түрлері:

- A) Әлсіздік
- B) Жылдамдық
- C) Өте әлсіз
- D) Қозғыш
- E) Орталық
- F) Теңсіздік
- G) Тежелу

4. Индивидуалдылықты интегралды зерттеу теорияларына жататындар:

- A) Ұзаққа созылған ситуациялар
- B) Адамның психикалық жарақаттардың сипаты
- C) Индивидуалдылық құрылымының өзара әрекеті
- D) Әр деңгейлік қасиеттерін тану критерийлерін анықтау
- E) Индивидуалдылық толықтығы типологиясын құру
- F) Адамның дара психологиясының өзіндік бір сипатын анықтау

5. Б.М.Тепловтың ізбасарлары:

- A) Небылицин В.Д.
- B) Русалов В.М.
- C) Выготский Л.С.
- D) Лазурский А.Ф.
- E) Рубинштейн С.Л.
- F) Леонтьев А.Н.
- G) Павлов И.П.

6. Русалов В.М. бойынша психологиялық қасиеттерді темпераментке жатқызудың өлшемдері:

- A) Жан-жақты, өмірдің барлық саласында көрінеді
- B) Постнаталды кезеңде аңғарылмайды
- C) Жасөспірімдік кезде ғана байқалады
- D) Балалық жастан-ақ байқалады
- E) Тұқым қуалайды

7. Ми қыртысының ретроорталық бөлігіне жататындар (Небылицын бойынша):

- A) Жұлын және ми көпірі
- B) Төбелік және маңдайлық үлес
- C) Шүйделік үлес
- D) Төбелік (еңбек) үлес
- E) Самайлық үлес

8. Оң жақ жарты шар жауап береді:

- A) Дыбыстар мен мелодияларды айыруға
- B) Бейнелермен операциялауға
- C) Оқуға
- D) Есептеуге
- E) Белгілер жүйесімен операциялауға
- F) Вербалды ақпаратты операциялауға
- G) Сандар мен әріптерді ажыратуға

9. И. П. Павлов бойынша жүйке жүйесінің қасиеттері:

- A) прогрессивтілігі
- B) күші
- C) ассиметриялылығы
- D) белсенділігі
- E) симметриялылығы
- F) өзгермелілігі

10. Индивидуалдылықтың құрылымындағы индивидтік деңгей:

- A) Статус, әлеуметтік рөл
- B) Когнитивті сипаттар
- C) Жүріс-тұрыс мотивациясы
- D) Әлеуметтік ерекшеліктер
- E) Жыныс, жас, конституция, нейродинамикалық қасиеттер
- F) Нышан және темперамент
- G) Құндылықтар құрылымы

11. В.Д. Небылицын бойынша парциалдылық байланысты:

- A) нығайтушы әсерлерді қолданумен
- B) вербалды ақпаратты операциялаумен
- C) кеңістікте бағдарланумен
- D) әртүрлі модальдықтағы тітіркендіргіштерді қолданумен
- E) дыбыстарды шуылдарды айырумен
- F) анализаторлық аспектімен
- G) белгілік ақпаратты операциялаумен

12. П. В. Симонов (1970) бойынша холерик типінің формуласы:

- A) қорғаныс
- B) қаһар
- C) қайғы
- D) қуаныш
- E) депрессия
- F) өкініш

13. В.С.Мерлин бойынша индивидуалдылықтың құрылымның деңгейлері:

- A) Әлеуметтік
- B) Психодинамикалық
- C) Тұлғалық
- D) Соматикалық
- E) Биохимиялық

14. Адамды сипаттайтын факторлардың белгілері:

- A) Жүріс-тұрыс
- B) Күш-қуат
- C) Келбет
- D) Жас
- E) Жігерлік

15. Темперамент пен мінездің өзара байланысы:

- A) Жүре пайда болған қасиеттер
- B) Мінез бен темперамент өзара байланысты
- C) Екеуара байланысы жоқ
- D) Мінез темпераменттің түрі
- E) Мінез бен темпераменттің тума қасиеттілігі
- F) Темперамент пен мінез тұлғаның күйі

16. Интеллектті әлеуметтік-мәдени тұрғыда зерттеген:

- A) Выготский
- B) Брушлинский
- C) Фишер
- D) Пиаже
- E) Леви-Стросс

17. Қабілеттердегі жыныстық ерекшеліктері:

- A) Жоғары бейімделгіштік
- B) Перцептивті процестер
- C) Бейнелеу және музыкалық қабілеттер
- D) Вербалдылық
- E) Интеллекттік регидтілік
- F) Әлеуметтік белгілер
- G) Моторлы дағдылар

18. Шет тілін меңгерудегі стилдер (типтер):

- A) бейнелік
- B) индивидуалды
- C) коммуникативті
- D) лингвистикалық
- E) автоматтандырылған
- F) аралас
- G) тәжірибелік

19. М.А.Холодная бойынша интеллектуалды қасиеттерге жататындар:

- A) Заңдық
- B) Интеллектуалды стиль
- C) Үйренуге икемділік
- D) Атқарушылық
- E) Іскерлікке икемділік
- F) Түп нұсқалық

20. У. Шелдон бойынша темперамент типтері:

- A) флегматик
- B) висцеротоник
- C) меланхолик
- D) холерик
- E) церебротоник
- F) соматотоник

21. У.Шелдон бойынша церебротоникке тән:

- A) Оңашалануға және жалғыздыққа бейімділік
- B) Коммуникативті
- C) Жігерлілік, қуаттылық
- D) Әлеуметтік байланысқа құштарлық
- E) Физикалық жайлылықты ұнату
- F) Интроверсия
- G) Ұстамдылыққа бейім

22. Шизотомикке тән белгілер:

- A) Аутизмге бейім
- B) Дене құрылымы нәзік
- C) Денесі мығым
- D) Эмоциялары бірқалыпты
- E) Икемденуі оңай

23. Кречмердің темперамент типологиясының дұрыс нұсқалары:

- A) Эндоморфты
- B) Диспластик
- C) Атлетик
- D) Пикник
- E) Соматотоник

24. А.Эрхард жыныстық айырмашылық құбылысында ажыратқан өлшемдер:

- A) Интеллект дамуындағы айырмашылық
- B) Жүйке жүйесіндегі айырмашылықтар
- C) Жыныстық бағдар
- D) Әлеуметтік үйрету, шартты рефлексстер
- E) Танымдық процестегі жыныстық айырмашылық

25. Білім берудегі жыныстық-рөлдік тәсілдеме бойынша:

- A) Жынысқа сай іс-әрекет түрін мадақтау
- B) Гендерлік бірдейлікті еркін таңдау рухында тәрбилеу
- C) Жынысына байланысты мінез-құлық түрін таңдау
- D) Мәдени қалыптасқан гендерлік үлгіні бұзуға тенденция
- E) Оқытуды жыныс бойынша бөлудің мақсаттылығы
- F) Мәдениетте қалыптасқан, қатаң гендерлік үлгінің болуы

**Тұлғаның дифференциалды психологиясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Медициналық психология

1. И.П. Павлов және А.Г. Иванов-Смоленский бойынша неврастенияның кезеңдері:

- A) Бастапқы
- B) Латентті
- C) Қайталану
- D) Сауығу
- E) Өршу

2. Патопсихологияның зерттеу пәні:

- A) тұлғасының қасиеттері салыстыру ағымының психикалық жай-күйлері
- B) жеке тұлғаның деградациясы
- C) науқас тұлғасының қасиеттерінің өзгеруі
- D) психоневрологиялық клиникаларда науқастардың анамнезі
- E) психикалық процестердің қалыпты ағымын, тұлғалық қасиеттерін салыстыру
- F) тұлғаның физиологиялық қасиеттерін салыстыру заңдылығы
- G) тұлғасының қасиеттерін салыстыру заңдылығының генезисі

3. Экзогендік аурулар:

- A) инфекциялық психоз
- B) альцгеймер ауруы
- C) шизофрения
- D) геннуиндік эпилепсия
- E) депрессивті психоз
- F) маникалды психоз

4. Шизофрениялық диагнозы бар науқастардың ойлауын зерттеу әдістері:

- A) «Заттарды алып тастау»
- B) «Пиктограмма» әдісі
- C) Шульцтың қызыл-қара кестесі
- D) «Жіктеу»
- E) Кеттел сауалнамасы

5. Нейропсихологияның салалары:

- A) самайлы
- B) деонтологиялық
- C) нейрохирургия
- D) клиникалық
- E) эксперименттік
- F) ғылыми-зерттеу
- G) нейротерапия

6. Жүйке-психикалық даму дизонтогенезінің қалыптасу себептері мен механизмдерін қарастыратын білім салалары:

- A) Патопсихология
- B) Психология
- C) Психосоматика
- D) Нейрофизиология
- E) Генетика

7. Психикалық даму тежелуінің церебралды-органикалық түрінің себептері:

- A) Гиперқамқорлықтан дамымау
- B) Интоксикация
- C) Педагогикалық қараусыздық
- D) Жүктілік патологиясы
- E) Ата-аналар немқұрайлығы
- F) Эмоциялық жетілмеу
- G) Қолайсыз тәрбие

8. Депрессия:

- A) Патологиялық сипатта көңіл-күйдің төмендеуі
- B) Эмоциялардың жылдам ауысуы байқалады
- C) Көңілдің жақсы болуы
- D) Көңіл-күйдің жиі ауысуы, аса шаршағышты
- E) Кенеттен пайда болған өзін-өзі өлтіруге итермелейтін ойлар мен әрекеттер
- F) Құлазу, мазасыздану, қорқу байқалады
- G) Эмоцияның сана бақылауынан тыс болуы

9. Ангедония:

- A) Көтеріңкі көңіл күй
- B) Қуану сезімінің жоғалуы
- C) Ашулану, ызалану
- D) Енжарлық, көтеріңкі көңіл-күй
- E) Қызығушылықтардың төмендеуі
- F) Оғаш мінез-құлық

10. Сопор:

- A) Тіл қатпау, жарыққа деген қарашық реакциясының, сіңір рефлекстерінің әлсіреуі
- B) Көңілдің ашынуы мен зарығуы
- C) Адамның екіге бөлінуін сезінуі
- D) Тітіркендіргіштерді қалыпты түрде қабылдау
- E) Зарығу, мазасыздану, қорқу
- F) Аурудың айналадағы жағдайларды сезбеуі
- G) Мінез-құлық пен санада пайда болатын қиял-ғажайыптық оқиғалар

11. Көру агнозиясының түрлері:

- A) Кешенді танымау
- B) Висцералды агнозия
- C) Нақты көру
- D) Заттық агнозия
- E) Гипнагогикалық агнозия
- F) Иллюзия бұзылысы

12. Ойлау операциялары:

- A) Индукция
- B) Талдау
- C) Мәселенің шешімін іздеу
- D) Эвристика
- E) Дедукция
- F) Абстракциялау
- G) Жалпылау

13. Автоматизм түрлері:

- A) Амбулаторлық
- B) Ұстамалы
- C) Сомнамбулиялық
- D) Динамикалық
- E) Психогенді
- F) Реактивті

14. Неврастения туындауы мүмкін:

- A) Қозғалыс белсенділігінің болмауынан
- B) Интеллектуалды жұтандықтан
- C) Тұрақты сандырақтан
- D) Жиі болатын қолайсыздықтарға байланысты
- E) Философиялық интоксикациядан
- F) Көңіл-күйдің құбылмалылығынан

15. Дерезализациялық бұзылыстар:

- A) Ахроматопсия
- B) Дальтонизм
- C) Протанопия
- D) Макропсия
- E) Дисмегалопсия

16. Маниакальды-депрессивті психоздың маниакалды фазасының симптомдары:

- A) көтеріңкі көңіл-күй
- B) аффермация
- C) жоғары невроздық
- D) денесінде бөртпелер
- E) амнезия

17. Ойлаудың тұлғалық компонентінің бұзылуы көрінеді:

- A) Сандырақ әрекеттерде
- B) Ой мен сөздің байланыссыздығында
- C) Енжарлықта
- D) Өзін-өзі реттеудің нашарлауында
- E) Мән-мағынаның болмауында
- F) Ойлаудың аралас-құраластығында

18. Медициналық психологияның бөлімдері:

- A) психиатриялық науқастарда психикалық процестердің ерекшеліктері
- B) еңбек, әскери және сот сараптамасы кезінде пациенттердің психикалық күйлері
- C) науқас адамның психологиясының негізгі заңдары
- D) маскүнем және нашақор науқастардың психикасы
- E) психосоматикалық және соматопсихологиялық өзара әсері
- F) денсаулық сақтау қызметкері мен науқастың қарым-қатынас психологиясы

19. Дерезализация:

- A) Маңайдағының бәрінің белгісіз, түсініксіз, тордың арғы жағында тұрғандай әсер қалдыруы
- B) Өзіне тән бүкіл психикалық қасиеттерінің қалыпты болуы
- C) Аурудың өзін басқа бір жақтан тыңдап тұрғандай сезінуі
- D) Науқастың ойының, түсінігінің, іс-әрекетінің жат адамның жасағаны тәрізді сезінілуі
- E) Науқас үшін айналадағының бәрі әдеттен тыс өзгеріп, жаңа, түсініксіз құбылыс тәрізді жүріп жатқандай көріну
- F) Сыртқы дүниенің алыстағы, қатып қалған, түссіз сұлба ретінде қабылдануы
- G) Қоршаған дүниені елес күйінде сезіну

20. Балинт синдромының бөлігі болатын агнозияның түрлері:

- A) оптикалық атаксия
- B) сенсорлық
- C) әрекеттік – бейнелік
- D) заттық – бейнелік
- E) көру зейіннің бұзылуы
- F) диагноздық

21. А.Р. Лурия бойынша мидың құрылымдық-функционалдық моделінің экстероцептивтік ақпаратты қабылдау, өңдеу және сақтау бөлімі бағынады:

- A) тартылыс заңына
- B) полярлық заңына
- C) ерекшелігін төмендету заңына
- D) прогрессивті латерализация заңына
- E) стереотиотизация құқығы

22. Корсаков синдромы:

- A) Есте сақтау қабілетінің жоғалуы бұзылысы
- B) Аяқталмаған әрекеттерді қайта жаңғырту феномені
- C) Науқас жақында ғана өткен оқиғаларды есіне түсіре алмағанмен, бұрынғы өткен өміріндегі оқиғаларды жақсы еске түсіреді.
- D) Ағымдағы болып жатқандарды есте сақтаудың бұзылуы
- E) Ауруда уақытқа, орынға және қоршаған ортаға амнестикалық бағдарлана алмау байқалады

23. Масүнемдіктің ортаңғы кезеңі сипатталады:

- A) Алғашқы кездегі қорғанышты құсу рефлексінің болуымен
- B) Жалпы әлсіздік байқалады
- C) Абстинентті синдроммен
- D) Психикалық қызметтердің қажуымен
- E) Ішімдікке төзімділіктің артуы
- F) Тоқтаусыз, компульсивті құштарлықпен
- G) Ішімдікті сирек ішумен

24. Асинхронияның негізгі белгілері:

- A) құлдырау, регресстің белгілері
- B) ретардация
- C) жеке функциялардың патологиялық акселерациясы
- D) ойлау операцияларының инфантилділігі
- E) патологиялық акселерация мен психикалық функциялардың ретардациясының бірлестігі
- F) таным процестерінің дамуындағы прогрессивтілігі

25. Конверсиондық симптомдар сипатталады:

- A) Екінші соматикалық жауаппен, невротикалық жанжалды қайта өңдеумен
- B) Жанжалдарды қайта өңдеудің спецификалық тәсілдерін таңдаумен
- C) Диссоциативті бұзылыстардың болмауымен сипатталады
- D) Әртүрлі органдар мен жүйелерді қамтумен сипатталады
- E) Символикалық мінезбен, оның көрінуі жанжалды шешумен

**Медициналық психология
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Психологиялық кеңес берудің негіздері

1. Р.В. Овчарова ұсынған тиімсіз кеңес беру:

- A) Психолог клиенттің логикасымен жүріп, мәселенің мәнін аңқытайды
- B) Психолог клиенттің өзіне шешім қабылдау керектігін жеткізеді
- C) Психолог бастапқы гипотезаны қатаң ұстанады
- D) Психолог клиентке сезімдері мен қиындықтарын ақтаруға мүмкіндік береді
- E) Психолог тым тез мәселенің мәні туралы тұжырымға келеді
- F) Психолог клиентпен дұрыс байланыс (раппорт) орнатпайды

2. Кеңесшінің жұмысының тиімділігіне әсер ететін тұлғалық кескіндер:

- A) басқа адамдардың айтқандарынан өзі үшін дәлелділерін сараптап ала алу
- B) өзіне қатысты басқа адамдардың сенімділігін туғыза алу
- C) тек дәлелді ақпаратқа ғана сену
- D) басқаларға өзінің позитивті жақтарын көрсетуге тырысу
- E) амбициозды мақсаттар қоя алу

3. Қашықтықтан кеңес беру түрі:

- A) хат жазу арқылы
- B) тақырып бойынша кітаптарды оқу
- C) ата-анасы, дос, мұғалімі арқылы кеңес беру
- D) сенім телефоны
- E) кейстарды талдау арқылы
- F) тренингтік топтарға қатысу
- G) жаппай ақпараттандыру арқылы кеңес беру

4. Басқа адамдармен еркін қарым-қатынасқа түсу барысында пайда болатын клиенттің бастан кешірулерінің типтері:

- A) «өз-өзімі көңілім толмайды»
- B) «мен отырыс топтарында өзімді артық сезінемін»
- C) «мен адамдардан ұялам»
- D) «маған ешкім ұнамайды»
- E) «барлығы мені түсінген сияқты болады»
- F) «мені ештеме қызықтырмайды»

5. Психоаналитикалық бағыттың кеңес беру мақсаты:

- A) шынайылыққа негізделген Эгоның функционалдауын күшейту
- B) клиенттің өмірлік жолын құруға көмек беру
- C) клиентке өткен жағдайды қайта еске түсіртіп, қақтығысты ығыстыруға талдау жасауға көмек беру
- D) клиенттің қақтығыстық жағдайларын алдын-алу
- E) клиенттің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- F) бейсаналық материалдарды санадан ығыстырып шығару

6. К. Хорни бойынша клиенттің басқа адамдармен қарым-қатынас жасауындағы қиындықтардың көріну сипаты:

- A) өзіне деген сенімділігі шамадан тыс артық, басқалардың ойы, пікірі оны қызықтырмайды
- B) басқалар онымен қарым-қатынас жасауға күмәнданады деп санайды
- C) шамадан тыс басқа адамдарға қатысты агрессивтілік, қарсылық таныту
- D) «Мен –жақсы, Басқа – жақсы» деген позицияны іске асырады
- E) айналадағыларға қатысты нейтралды позиция таңдайды
- F) шамадан тыс пассивтілік, басқалармен қатынас жасауға ұмтылысы жоқ
- G) басқалармен контакт жасауда шамадан тыс гипербелсенділіктің болуы

7. К.Юнг бойынша аналитикалық психологияның негізгі ұғымдары:

- A) ұжымдық бейсаналық
- B) либидо
- C) катарсис
- D) логотерапия
- E) өмір мәні
- F) индивидуация
- G) архетиптер

8. К.Юнг бойынша архетиптардың көріністері:

- A) ертегілер мен мифтердегі бейнелер
- B) түс көру кезінде жиі кездесетін бейнелер мен идеялар
- C) эмоционалды экспрессиялар
- D) үрейлер мен қорқыныштар
- E) иррационалды пайымдаулар
- F) сурет салу, әдебиет және дін салаларындағы символдар

9. Индивидуалды психологияның кеңес беру процессіндегі мақсаты:
- A) клиент өз бойындағы қиындықтарды жеңе алуға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру
 - B) клиентке әлеуметтік қатынастарда беделді статуска ие болуға көмектесу
 - C) клиентке толымсыздық сезімін жеңуге көмек беру
 - D) клиентке әлеуметтік қызығушылықты қалыптастыруға көмек беру
 - E) клиенттің өмірінің мәнін табуға көмек беру
 - F) клиенттің санасын кеңейтуге көмек беру
10. Психодрама үдерісінің фазалары:
- A) Латенттілік
 - B) Агрессия
 - C) Белсенді
 - D) Драмалық әрекеттерді ойнау
 - E) Енжарлық
 - F) Белсенді жұмыс жасау
11. Гештальт сөзінің мәні:
- A) Бейне
 - B) Конструкт
 - C) Стимул
 - D) Сызба
 - E) Пішін
12. Отбасылық кеңес берудің фазалары:
- A) Өзара әрекеттестік
 - B) Проблемаларды шеше алмау
 - C) Байланыс орнату және проблеманы анықтау
 - D) Кері байланыс орнату
 - E) Іс-әрекет пен шешім қабылдау
13. А.Эллис бойынша жақсы функционалдайтын адамға тән кескін:
- A) толеранттылық
 - B) импульсивтілік
 - C) амбициозды
 - D) өз кемшіліктерін қабылдамау
 - E) ғалыми ойлау

14. Экзистенциалды-гуманистік бағыттың негізгі категориялары (Карасу) :
- A) Денсаулық
 - B) Өзгерістерге ұмтылу
 - C) Әлеуметтік қызығу
 - D) Архетиптер
 - E) Диспозициялар
 - F) Бақылау локусы
 - G) Патология концепциясы
15. Э.Г. Эйдемиллер бойынша отбасына кеңес беру принциптері мен ережелері:
- A) Психотерапиялық келісімшартты талқылау
 - B) Өз «Менін» ұғынуды дамытуға итермелеу
 - C) Даярлану, белсенділікті күшейту, талқылау
 - D) Өмірдің мәнін түсіндіру, өмір талаптарына жауап беру қабілетін дамыту және күшейту
 - E) Клиент пен кеңесші арасында контакт орнату
 - F) Тұлғаны дамытуға, жетілдіруге, адамның өз Менімен қатынасын үйлестіру
16. Адлер бойынша психотерапия үрдісінің мақсаты:
- A) Бейсаналық үрдістерді айқындау
 - B) «Жақсы» қатынас орнату
 - C) Қарқындылығын жоғалтқан және ұмытылған тәжірибелерді жандандыру
 - D) Сана дейгейіне жетпеген, қарқындылығы аз сыртқы орта ықпалын нақтылау
 - E) Архетиптермен жұмыс жасау
 - F) Пациенттің өмірлік өзгеру динамикасын, оның өмір стилін талдау
17. Денеге бағдарланған психотерапияның кең тараған түрлері:
- A) Эллистің рационалды-эмоциялық терапиясы
 - B) Пезешкиан бойынша позитивті психотерапия
 - C) Ассаджиолидің психосинтезі
 - D) Фельденкрайздың денені сезіну концепциясы
 - E) ААрон Бектің когнитивті психотерапиясы
 - F) Рольфтың құрылымдық интеграциясы
 - G) Шоррдың психоимагинативті терапиясы

18. Клиенттің бойындағы психологиялық қысымды шешу тәсілдері:

- A) клиенттен оның үйіндегі жағдайын, туыстарының ден саулығын сұрастыру
- B) клиент айтқысы келмейтін мәселенің басын ашып алу
- C) клиенттің ой-өрісін стимулдайтын сұрақтарды пайдалану
- D) клиентпен өзінің басында болған жағдаймен бөлісу
- E) клиентке шектен тыс жарқындық таныту

19. Транзакты талдаудағы «драйвер»:

- A) объективті қауіпке қатысты туатын адекватты емес реакция - невротикалық үрей
- B) «окейлық» сезімін береді, егер оны ұсанатын болсақ
- C) организмнің ішінде және жан-жақта не болып жатқандығы туралы хабардарлық
- D) нақты анықталған мінез-құлық жиынтығы, үздіксіз мінез-құлық тәсілдері
- E) түрлі жағдайлармен және спонтанды туындайтын ойлар

20. Кеңес беру:

- A) Кеңес беру жаңа мінез - құлыққа үйретеді және тұлға дамуына жағдай жасайды
- B) Кеңес беру клиентті бақытты ету мақсатын көздейді
- C) Кеңес беру адамға ақыл үйретеді, өмір сүрудің жақсы қырларын көрсетеді
- D) Кеңес беруде клиент жауапкершілігіне акцент қойылады
- E) Кеңес беру адамға өз бетінше таңдау жасап, әрекет етуге көмектеседі

21. Эмпатия:

- A) Өзін басқа кісімен идентификациялау
- B) Құштарлық
- C) Өзін-өзі талдау
- D) Өзін өзгенің орнына қою
- E) Клиенттің субъективті әлеміне «төселу»

22. Индивидуалды психологияның барлық процедураларының көздейтіні:

- A) Клиентті әлеуметтік қызығуға бағдарлау
- B) Ұғынылмайтын құбылыстарды ұғындыру
- C) Қорғану механизмдерін өзгерту
- D) Жағымсыз мінез-құлықты біртіндеп бәсеңдету
- E) Бейсаналық үрдістердің мәнін ашу
- F) Патологиялық симптомды болдырмау
- G) Өмірлік мақсатты айқындау

23. Кеңес беру процесінде жіберілетін типтік қателіктер:

- A) кеңес берушінің клиентке жағымды әсер қалдырғысы келгендіктен өзін жайдарлы етіп көрсетуі
- B) психолог-кеңесшінің клиент проблемасының мәнін бұрыс тұжырымдау
- C) кеңес беру процесінде кеңес берушінің өз мәселелері жайлы әңгіме қозғауы
- D) кеңесшінің бойында клиентке қатысты субъективті жансақ нанымдарының болуы
- E) кеңесшінің клиентпен қалжындасып, оның көңілін аулауы
- F) кеңесшінің клиентпен жақын достық қарым-қатынастарды орнатуға тырысуы
- G) психолог-кеңесші берген ұсыныстарды орындауда жіберетін клиенттің әрекеттерінің бұрыстығы

24. Бастапқы репрезентативті жүйелер:

- A) Экстралингвистикалық
- B) Ольфакторлы
- C) Такесикалық
- D) Тактильді
- E) Паралингвистикалық
- F) Кинестетикалық
- G) Аудиалды

25. Ерлі-зайыптылардың мінезінің психологиялық өзара үйлесімділігі (Немов бойынша):

- A) егер ерлі-зайыптылардың әлеуметтік статустары шамалап бірдей деңгейде болатын болса ғана орын алады
- B) егер ерлі-зайыптылар өзіне бір мінез кескіні өзгерген жағдайда жалпы адам өзгеретіндігіне есеп берген жағдайда орын алады
- C) егер ерлі-зайыптылар бір-бірінің мінезін түбегейлі өзгертпеуге тырысса орын алады
- D) егер ерлі-зайыптылар өзін-өзі жетілдіру шараларымен айналысса орын алады
- E) егер ерлі-зайыптылар бар назарын баланың тәрбиесіне арнаған кезде орын алады
- F) егер ерлі-зайыптылардың материалдық планда қиындықтары болмаған жағдайда орын алады

**Психологиялық кеңес берудің негіздері
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**